

Бекітілген

«Freedom Finance Global PLC» ЖК
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2026 жылғы 12 наурыздағы
отырыс хаттамасы)
2026 жылғы 12 наурыздан бастап
қолданысқа енгізілді

**Шығарындылардың нөлдік деңгейіне қол
жеткізуге адалдығы туралы
ДЕКЛАРАЦИЯ
(Net Zero)**

«Freedom Finance Global PLC» ЖК шығарындылардың нөлдік деңгейіне қол жеткізу бойынша міндеттемесі (Net Zero Commitment)

1. Біздің мақсатымыз - 2060 жылға қарай шығарындыларының деңгейі нөлге тең қаржы ұйымы атану.

Осы мақсатқа жету үшін біз мынадай аралық көрсеткіштерді белгіледік:

- 1) сандық (барлық есеп базалық деп қабылданған 2025 жылға қатысты жүргізілді):
 - 2035 жылға қарай жалпы энергия тұтынуды 25%-ға қысқарту;
 - 2035 жылға қарай іскерлік сапарлардан абсолютті шығарындыларды 50%-ға қысқарту;
 - 2050 жылға қарай 1, 2 және 3 санаттар бойынша абсолютті шығарындыларды 80%-ға қысқарту;
- 2) сапалы:
 - төмен көміртекті экономикаға көшуді жеңілдету және ілгерілету үшін реттеушілермен, салалық қауымдастықтармен, азаматтық қоғаммен, ғылыми қоғамдастықпен және басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауды күшейту;
 - кеңсе кеңістігі мен жабдықтау тізбегін басқаруға қатысты жоғары экологиялық стандарттарды сақтау (атап айтқанда, LEED сертификатталған кеңселерге артықшылық беру);
 - корпоративтік шешімдер қабылдау процесіне және операциялық қызметке «жасыл» қаржыландыру қағидаттарын (мысалы, халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының, ICMA қағидаттары) одан әрі енгізу.

2. Біздің шығарындылардың нөлдік деңгейіне жету стратегиямыз мынадай құжаттар мен бастамаларға сәйкес келеді және негізделген:

Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы¹;

Париж келісімі²;

БҰҰ Жаһандық шартының 7, 8 және 9 қағидаттары³;

Freedom Holding Corp.-тың Қоршаған ортаны қорғау саясаты⁴ және ESG саясаты⁵.

¹ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2300000121>

² <https://unfccc.int/ru/informaciya-ob-onuv/chto-takoe-parizskoe-soglashenie>

³ <https://unglobalcompact.org/what-is-gc/mission/principles>

⁴

https://d1io3yog0oux5.cloudfront.net/_164e768cb5476eee373934d2d6dd7f5c/freedomholdingcorp/db/437/3277/russian/FRHC_EnvironmentalPolicy_RU.pdf

⁵

https://d1io3yog0oux5.cloudfront.net/_164e768cb5476eee373934d2d6dd7f5c/freedomholdingcorp/db/437/3275/russian/FRHC_ESGPolicy_RU.pdf